

**«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
КеАҚ («С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ» КеАҚ) жанындағы 8D072 «Өндірістік
және өңдеу салалары» (8D07201 – «Тамақ өнімдерінің технологиясы»)
даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің
2025 ж. атқарған жұмысы туралы есеп**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 18 маусым 2024 жылғы № 534 бұйрығы, Университет Ғылыми кеңесінің шешімі (27.09.2024 ж. №2 хаттама) және «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректордың 9 қараша 2024 жылғы №1.8.1-3/333-н бұйрығы негізінде құрылды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы – т.ғ.д., профессор А.Л. Касенов, төраға орынбасары - т.ғ.д., профессор Т.Ч. Тултабаева, ғалым хатшы философия докторы (PhD) К.К. Маканғали.

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы ақпараттар

Есепті жылы алты отырыс өткізілді:

Отырыс №1 (20.01.2025ж.) - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларымен» танысу.

Отырыс №2 (29.01.2025ж.) – докторант А.Т. Сағандықтың 8D072 «Өндірістік және өңдеуші салалар» даярлау бағыты 8D07201 «Тамақ өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру.

Отырыс №3 (12.03.2025ж.) – С.Сейфуллин атындағы «ҚАТЗУ» КеАҚ докторанты А.Т. Сағандықтың диссертациялық жұмысын қорғауы.

Отырыс №4 (20.11.2025ж.) – докторант А.Х. Мулдашеваның 6D072700 «Азық-түлік өнімдері технологиясы» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру.

Отырыс №5 (20.11.2025ж.) – докторант Н.Б. Утарованың 8D072 «Өндірістік және өңдеуші салалар» даярлау бағыты 8D07201 «Тамақ өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру.

Отырыс №6 (26.12.2026) – С.Сейфуллин атындағы «ҚАТЗУ» КеАҚ докторанты А.Х. Мулдашеваның диссертациялық жұмысын қорғауы.

Отырыс №7 (26.12.2026) – С.Сейфуллин атындағы «ҚАТЗУ» КеАҚ докторанты Н.Б. Утарованың диссертациялық жұмысын қорғауы.

2. Өткізілген отырыстардың жартысына кеміне қатысқан кеңес мүшелері - жоқ.

**3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
(ЖЖОКБҰ) көрсетілген докторанттар тізімі**

Т.А.Ә.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми консультанттары	Жоғары оқу орны
Сағандық Асем Талғатқызы	8D07201 Тамақ өнімдерінің технологиясы	Сүт сарысуын қолдану негізінде өнімдер технологиясын әзірлеу	Жакупова Гүльмира Нуртаевна - техника ғылымдарының кандидаты, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының профессорының м.а., ҚР., Астана қ.; Баррос Лилиан - философия докторы, PhD, СИМО зерттеу зертханасының бас ғылыми қызметкері және үйлестірушінің орынбасары және LA SusTEC директорының орынбасары, Браганса политехникалық институты,	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ

			Браганза қаласы, Португалия Республикасы.	
Мулдашева Акнур Хайратовна	6D072700 «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы»	Қой сүті негізінде дайындалған сүт өнімдерін өндіру технологиясын жасау	Жакупова Гульмира Нуртаевна – техника ғылымдарының кандидаты, «Инжиниринг және азық-түлік технологиялар ы» институтының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы. Юзефа Хшановская - доктор хаб., «Биотехнология және азық-түлік ғылымдары» факультетінің профессоры, Вроцлав жаратылыстану ғылымдары университеті, Вроцлав қаласы, Польша Республикасы.	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ

<p>Утарова Назира Бакытжанов на</p>	<p>8D07201 – «Тамақ өнімдерінің технологияс ы»</p>	<p>Құрамында тағамдық талшықтар мөлшері жоғары глютенсіз ұнды нан- тоқаш өнімдерін жасау технологияс ы</p>	<p>Какимов Мухтарбек Муканович – техника ғылымдарыны ң кандидаты, профессор, «Азық-түлік өнімдерінің өндірісі» БББ тобының жетекшісі, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалы қ зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы. Кузнецова Оксана Александровна , техника ғылымдарыны ң профессоры, Ресей Ғылым Академиясыны ң "В. М. Горбатов атындағы Азық-түлік жүйелерінің федералды ғылыми орталығы" ФМБҒМ директоры, Мәскеу қаласы, РФ.</p>	<p>«С.Сейфулли н атындағы Қазақ агротехникал ық зерттеу университеті» КЕАҚ</p>
---	--	--	---	--

2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес 3 докторант диссертациялық жұмысын қорғады. Докторант А.Т. Сағандық Қазақстан Республикасы Ғылым

және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылғы 12 мамырдағы № 692 бұйрығымен философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілді.

4. Есепті жылы кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1. Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау

PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялар азық-түлік өнімдерінің технологиясы саласындағы қолданбалы зерттеулерге арналған.

Сағандық Асем Талғатқызының «Сарысуды қолдану негізінде тамақ өнімдерінің технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы азық-түлік өнімдері технологиясының өзекті ғылыми және практикалық міндеттеріне сәйкес келеді және тағамдық әрі биологиялық құндылығы жоғары сүт өнімдерін алу мақсатында сүзбе сарысуын қайта өңдеудің ресурсты үнемдейтін технологияларын әзірлеуге бағытталған. Жұмыста ультрафилтрацияның заманауи әдістері қолданылып, оңтайлы технологиялық режимдер негізделген, сарысу ақуыздары мен жабайы өсетін жидектерді пайдалана отырып йогурттар мен сарысулық сусындардың рецептуралары әзірленген, сондай-ақ нормативтік-техникалық құжаттама дайындалған. Алынған нәтижелер практикалық маңызға ие және сүт шикізатын қайта өңдеу тиімділігін арттыруға, функционалдық тағам өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге бағытталған.

Мулдашева Ақнұр Хайратқызының «Қой сүті негізінде дайындалған сүт өнімдерін өндіру технологиясын жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы азық-түлік өнімдері технологиясының өзекті ғылыми және практикалық міндеттеріне сәйкес келеді және Солтүстік Қазақстандағы қазақы қой тұқымдарының сүтінен жұмсақ ірімшіктер өндіру технологиясын ғылыми-эксперименттік негіздеу мен әзірлеуге бағытталған. Жұмыста қой сүті мен дайын өнімнің физика-химиялық, микробиологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне кешенді зерттеу жүргізіліп, ашытқы дақылдар мен ферменттік препараттарды таңдау негізделген, сондай-ақ жұмсақ ірімшікті шпинат ұнтағымен байыту тәсілі ұсынылған. Әзірленген технология патенттермен расталған ғылыми жаңалыққа ие және Қазақстан Республикасының сүт өнеркәсібі үшін практикалық маңызға ие.

Утарова Назира Бакытжанқызының «Құрамында тағамдық талшықтар мөлшері жоғары глютенсіз ұнды нан-тоқаш өнімдерін жасау технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы азық-түлік өнімдері технологиясының өзекті ғылыми және практикалық міндеттеріне сәйкес келеді және функционалдық мақсаттағы глютенсіз нан-тоқаш өнімдерін өндірудің инновациялық технологиясын әзірлеуге бағытталған. Жұмыста жасыл қарақұмық ұны, жүгері ұны және жолжелкен ұнтағы негізіндегі құрама глютенсіз ұн қоспаларының оңтайлы құрамдары ғылыми тұрғыда негізделіп, өнімдердің реологиялық, физика-химиялық және құрылымдық қасиеттері зерттелген, сондай-ақ тағамдық талшықтардың мөлшерін арттырып, өнімнің

тұтынушылық қасиеттерін жақсартатын технология ұсынылған. Алынған нәтижелер патентпен расталған ғылыми жаңалыққа ие және Қазақстан Республикасының нан-тоқаш өнеркәсібі үшін практикалық маңызға ие.

4.2. Диссертация тақырыбының «Ғылыми және технологиялық саясат туралы» ҚР Заңының 20-бабының 3-тармағының 2 тармақшасына сәйкес ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылыми дамудың басым бағыттарымен мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Сағандық Асем Талғатқызының «Сарысуды қолдану негізінде тамақ өнімдерінің технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ПЦФ/АШМ ИРН BR10764998 «Арнайы диеталық тағам өнімдерін өндіруде пайдалы микроорганизмдердің жаңа штамдарын, ферменттерді, нутриенттерді және өзге де кешендерді қолдану арқылы технологияларды әзірлеу» бағдарламасы аясында, «Сарысудан эконом-класс сүт өнімдерін (сарысулық ірімшік, сергітетін және тонизирлейтін сусындар) өндірудің ресурсты үнемдейтін технологиясын әзірлеу» қосалқы жобасы бойынша 2021-2023 жылдары орындалды.

Мулдашева Ақнұр Хайратқызының «Қой сүті негізінде дайындалған сүт өнімдерін өндіру технологиясын жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы AP08052570 «Қой сүтін өндіру және өңдеу технологиясын әзірлеу» жобасы аясында 2020-2022 жылдары орындалды.

Утарова Назира Бақытжанқызының «Құрамында тағамдық талшықтар мөлшері жоғары глютенсіз ұнды нан-тоқаш өнімдерін жасау технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді және «Қазақстан-2050» стратегиясының, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2025 жылғы Жолдауының ережелерімен үйлеседі. Аталған құжаттарда ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеуге және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінген.

4.3 Диссертация нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізу деңгейін талдау

Сағандық Асем Талғатқызының диссертациялық жұмысы аясында тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары сүт өнімдерін алуға мүмкіндік беретін сүзбе сарысуын қайта өңдеудің ресурсты үнемдейтін технологиясы әзірленді. Зерттеу нәтижелері «Моя Ферма» ЖШС кәсіпорнында және «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің» сүт өңдеу бойынша тәжірибелік-өндірістік цехында өндірістік жағдайда енгізіліп, сынақтан өтті. Жұмыс нәтижесінде Қазақстан Республикасының патенттері алынып, нормативтік-техникалық құжаттама әзірленді және ұсынылған технологиялардың сүт өнеркәсібі үшін практикалық қолданбалылығы расталды.

Мулдашева Ақнұр Хайратқызының диссертациялық жұмысы аясында тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары шпинат қосылған қой сүтінен жұмсақ ірімшік өндіру технологиясы әзірленіп, эксперименттік түрде негізделді. Әзірленген рецептура мен технология «С.Сейфуллин

атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» мен «Зеренда асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС жағдайында өндірістік апробациядан өтті. Алынған ғылыми-техникалық шешімдер Қазақстан Республикасының патенттерімен расталған және функционалдық тағам өнімдерінің ассортиментін кеңейту мақсатында сүт өнеркәсібі практикасында қолдануға ұсынылады.

Утарова Назира Бақытжанқызының диссертациялық жұмысы аясында құрама глютенсіз ұн қоспалары негізінде тағамдық талшықтары жоғары глютенсіз нан-тоқаш өнімдерін өндіру технологиясы әзірленді. Зерттеу нәтижелері бейінді ғылыми-өндірістік ұйымдар мен нан-тоқаш кәсіпорындары жағдайында тәжірибелік-өнеркәсіптік апробациядан өтті, олардың технологиялық және экономикалық тиімділігі расталды. Әзірленген ғылыми-техникалық шешім Қазақстан Республикасының патентімен қорғалған және функционалдық әрі арнайы тағам өнімдерінің ассортиментін кеңейту үшін нан-тоқаш өнеркәсібі практикасында қолданылуы мүмкін.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау

8D072 «Өндірістік және өңдеу салалары» даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыстарға ресми рецензенттер қаралып, бекітілді.

Сағандық А.Т. диссертациясы бойынша рецензенттер ретінде Бектұрғанова Альмира Ануарбековна - техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Технология және стандарттау» кафедрасының доценті, Қ.К.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана қ., және Ахметсадыкова Шынар Нұрланқызы - философия докторы (PhD), «Антиген» ҒӨК» ЖШС ғылыми жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары, Алматы қ. тағайындалды.

Мулдашева А.Х. диссертациясы бойынша рецензенттер ретінде Шингисов Азрет Өтебайұлы - техника ғылымдарының докторы, профессор, «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасы, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті», Шымкент қ., және Есіркеп Гүлмира Есіркепқызы - техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Технология және стандарттау» кафедрасы, «Қ.К.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті», Астана қ. тағайындалды.

Утарова Н.Б. диссертациясы бойынша рецензенттер ретінде Турсынбаева Шолпан Арыстанбековна - философия докторы (PhD), «Нан өнімдері технологиясы және қайта өңдеу өндірістері» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., «Алматы технологиялық университеті», Алматы қ., және Кулуштаева Ботагоз Манарбековна - философия докторы (PhD), «Тағам технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., «Шәкәрім атындағы университет», Семей қ. тағайындалды.

Рецензенттер ретінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары, ғылыми жобаларға қатысушы, тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежелері мен атақтары бар, халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар жетекші ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттердің пікірлері оларды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес дайындалды. Жалпы алғанда, тағайындалған рецензенттер диссертациялық жұмыстарға мұқият жан-жақты талдау жүргізіп, олардың пікірлері қойылған талаптарға толығымен сәйкес екенін көрсетті.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар- жоқ.

7. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденушілердің мамандықтары бойынша қаралған диссертациялар саны


Көрсеткіштер	8D072 «Өндірістік және өңдеу салалары» даярлау бағыты бойынша
Қорғауға қабылданған диссертациялар	3
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Қараудан алынған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Ресми рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім қабылданған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Пысықтауға жіберілген диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы,
т.ғ.д., профессор



А.Л. Касенов

Диссертациялық кеңестің ғалым
хатшысы, PhD



К.К. Маканғали